# Зеленов ауданында 2012 жылдың қаңтар-наурызда азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімінің 2011 жылғы 21 желтоқсандағы N 114 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 қаңтарда N 7-7-138 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімінің 2014 жылғы 10 қазандағы N 817 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданы әкімінің 10.10.2014 N 817 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы", 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңдарын басшылыққа ала отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН**:

1. "Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) Зеленов ауданында 2012 жылдың қаңтар-наурызда тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтардың шақыру учаскелеріне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету ұсынылсын.

2. Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының " Зеленов аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) және Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Зеленов аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына (келісім бойынша) шақыру учаскелеріне тіркелуге жататын азаматтарға медициналық тексеруден (емделуге) өткізу жөнінде шаралар алу ұсынылсын.

3. "Зеленов аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі " мемлекеттік мекемесі шақыру учаскелеріне тіркеу жұмыстарын ұйымдастыруға техникалық қызметкерлердің қажетті санын қамтамасыз етсін.

4. Аталған шараларға байланысты шығын жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен өтелсін.

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г. Құлжановаға жүктелсін.

**Аудан әкімі** *Ғ.Қапақов*

КЕЛІСІЛДІ:
"Батыс Қазақстан облысы Зеленов ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" бастығы майор
_____________М. Есенов
21.12.2011 ж.

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Зеленов аудандық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры
_____________Ғ. Ислямов
21.12.2011 ж.

Батыс Қазақстан облысының әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Зеленов аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры
_____________Н. Ахметова
21.12.2011 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК